

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 24 ақпандағы № 928 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 14 желтоқсандағы № 196 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.12.14 № 196 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2011.03.04 № 1168 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

*Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі  
актілерінің жинағында және республикалық  
баспасөзде жариялануға тиіс*

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі 34-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Айырбастау пунктінің тіркеу куәлігін беру»;

2) «Валюталық операция туралы хабарлама куәлік беру»;

3) «Валюталық операция туралы тіркеу куәлігін беру» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік қызметтер стандарттары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2011.03.04 № 1168 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті Н. Назарбаев  
Республикасы*

Қазақстан Президентінің  
2010 жылғы 24 ақпандағы  
№ 928 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## **«Айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беру»**

### **мемлекеттiк қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Президентiнiң 2011.03.04 № 1168 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) Жарлығымен.

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беру жөнiндегi мемлекеттiк қызметтi (бұдан әрi - мемлекеттiк қызмет) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң аумақтық филиалдары көрсетедi.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi аумақтық филиалының мемлекеттiк қызметтер көрсететiн бөлiмшелерiнiң мекенжайлары мен байланыс деректерi осы Стандарттың 1-қосымшасында көрсетiлген.

2. Көрсетiлетiн мемлекеттiк қызметтiң нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттiк қызмет «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрi - Заң) 6-бабының 2-тармағы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi Басқармасының «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру ережесiн бекiту туралы» 2006 жылғы 27 қазандағы № 106 қаулысы (бұдан әрi - Ереже) негiзiнде көрсетiледi.

4. Мемлекеттiк қызмет туралы ақпарат және осы Стандарттың мәтiнi Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң аумақтық филиалдарында тұтынушылар үшiн қолжетiмдi орында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң интернет-ресурсында ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) орналастырылған.

5. Айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгi не айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беруден бас тарту себептерi жазылған қағаз тасымалдауыштағы дәлелдi жазбаша жауап көрсетiлетiн мемлекеттiк қызметтiң нәтижесi болып табылады.

6. Мемлекеттiк қызмет шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар Қазақстан Республикасының резиденттерi - заңды тұлғаларға, олардың филиалдарына (бұдан әрi - тұтынушы) көрсетiледi.

7. Мемлекеттiк қызмет көрсету мерзiмдерi:

1) мемлекеттiк қызмет осы Стандарттың 11-тармағында белгiленген құжаттардың толық пакетi ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнi iшiнде көрсетiледi ;

2) қажеттi құжаттар пакетi кезек күтпестен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi аумақтық филиалының хат-хабарды қабылдауға және тiркеуге уәкiлеттi бөлiмшесiне/жауапты тұлғасына осы Стандарттың 2-қосымшасында

көрсетілген мекенжайлар бойынша тапсырылады (немесе хат-хабар қабылдауға арналған арнайы жабдықталған жәшікке салынады);

3) айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн не айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беруден бас тарту себептерi жазылған дәлелдi жазбаша жауапты тұтынушыға не оның сенiм бiлдiрiлген тұлғасына (сенiмхат негiзiнде) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi аумақтық филиалының жауапты орындаушысы кезек күтпестен бередi.

8. Мемлекеттiк қызмет тегiн көрсетiледi.

9. Құжаттарды қабылдау және беру жұмыс күндерi сағат 13.00-ден 14.00-ге дейiнгi үзiлiспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейiн күн сайын жүзеге асырылады.

Құжаттарды қабылдау және беру кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетiлген қызмет көрсетусiз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттiк қызмет Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi аумақтық филиалдарының үйлерiнде көрсетiледi. Аумақтық филиалдардың үйлерi мүмкiндiктерi шектеулi адамдарға қол жетiмдi болуы үшiн пандустары бар кiру есiктерiмен жабдықталған.

## **2. Мемлекеттiк қызмет көрсету тәртiбi**

11. Тұтынушының айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн алуы үшiн талап етiлетiн құжаттар:

1) еркiн нысандағы өтiнiш;  
2) заңды тұлғаны мемлекеттiк тiркеу туралы куәлiктiң көшiрмесi;  
3) салық төлеушiнiң мемлекеттiк тiркелуiн растайтын құжаттың көшiрмесi;

4) тұтынушының Ереженiң талаптарына сәйкестiгiн растайтын құжаттар: кассирдiң қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша арнайы дайындықтан өткендiгiн растайтын құжатының түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшiрмесi не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, қызметкердiң еңбек қызметiн растайтын құжаттың (құжаттардың) көшiрмесi қоса берiлген, кассирдiң қолма-қол шетел валютасымен кемiнде 6 (алты) ай жұмыс тәжiрибесiн растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе нотариат куәландырған көшiрмесi;

ақша белгiлерiнiң түпнұсқалылығын айқындау үшiн техникалық құралдардың сипаттамасын айқындайтын құжаттың (құжаттардың) көшiрмесi;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкi аумақтық филиалының үй-жайдың банк операцияларын жүргiзу үшiн дайын екендiгi туралы қарап тексеру актiсiнiң және (немесе) қорытындысының көшiрмесi; қызметiнiң айрықша түрi шетел валютасымен айырбастау операцияларын

ұйымдастыру болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғаның (бұдан әрі — уәкілетті ұйым) біліктілік талабына сәйкестігін растайтын құжат (екінші деңгейдегі банктің уәкілетті ұйымның банк шотында лицензия алуға өтініш бергенге дейінгі күні айырбастау пункттерінің санын есепке ала отырып, жарғылық капиталды ақшалай нысанда қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ең төменгі мөлшерден аз емес мөлшерде ақшасының болуын растайтын құжат) ұ с ы н ы л а д ы .

Егер тұтынушы уәкілетті ұйымның филиалы болып табылса, мыналар қ о с ы м ш а ұ с ы н ы л а д ы :

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензиясының көшірмесі; уәкілетті ұйымның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әділет органдарында есептік тіркеуден өткен филиалы туралы ереженің көшірмесі.

Егер тұтынушы банктің филиалы болып табылса, мыналар қосымша ұ с ы н ы л а д ы :

банк филиалының есептік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі; банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әділет органдарында есептік тіркеуден өткен филиалы туралы ереженің көшірмесі.

Шетел тілінде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

12. Мемлекеттік қызмет көрсетуді алуға өтініш еркін нысанда толтырылады және тұтынушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына ұсынылады.

13. Құжаттар қабылдауды және тіркеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалының құжаттарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті бөлімшесі/жауапты тұлғасы осы Стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша жүзеге асырады (немесе хат-хабар қабылдауға арналған арнайы жабдықталған жәшікке салынады).

Хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті бөлімше/жауапты тұлға сағат 09.00-ден бастап сағат 18.00 аралығындағы кезеңде әрбір екі сағат сайын арнайы жабдықталған жәшіктен құжаттарды алады. Алынғаннан кейін құжаттарды хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті бөлімше/жауапты тұлға тіркейді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының басшылығына бұдан әрі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының жауапты бөлімшесінің қарауы үшін жібереді.

14. Құжаттар пакетін қолма-қол тапсырған жағдайда тұтынушының қолына осы Стандарттың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттардың алынғаны туралы талон беріледі.

Талонды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті бөлімшесі/жауапты тұлғасы осы Стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша жазады.

Тұтынушы құжаттарды почта арқылы жіберген немесе хат-хабар қабылдауға арналған арнайы жабдықталған жәшік арқылы тапсырған жағдайда құжаттардың алынғаны туралы талон берілмейді.

15. Айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының жауапты орындаушысы тұтынушыға не оның сенiм бiлдiрiлген тұлғасына (сенiмхат негiзiнде) жеке басын куәландыратын құжатын ұсынған кезде тiркеу куәлiктерiн берудi есепке алу журналына қол қойғыза отырып бередi не тұтынушыға поштамен жiберiледi.

Тұтынушының келмеуi себебiнен айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiнiң 10 (он) жұмыс күнiнен асатын мерзiмде қолма-қол берiлуi мемлекеттiк қызмет көрсету мерзiмiн бұзу болып табылмайды.

1 6 . Е г е р :

1) ұсынылған құжаттардың пакетi осы Стандарттың 11-тармағында белгiленген талаптарға сәйкес келмесе;

2) ұсынылған құжаттар Заңда және Ережеде белгiленген талаптарға сәйкес келмесе не тұтынушының Заңда және Ережеде белгiленген талаптарға сәйкес келуiн растамаса, айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беруден бас тартылады.

Айырбастау пунктiн тiркеу үшiн құжаттарды қайта тапсырған кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына оларды соңғы ұсынған сәттен бастап өзгермеген құжаттар ұсынылмайды. Бұл ретте құжаттар жалпы негiзде қаралады және мемлекеттiк қызмет көрсету мерзiмi тұтынушының өтiнiштi және қажеттi құжаттар пакетiн қайта берген күнiнен бастап есептеледi.

Тiркеу куәлiгiн беруден бас тарту себептерi жазылған дәлелдi жазбаша жауап осы Стандарттың 11-тармағында айқындалған құжаттарды ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнi iшiнде берiледi. Жауап поштамен жiберiледi не тұтынушыға не оның сенiм бiлдiрiлген тұлғасына (сенiмхат негiзiнде) жеке басын куәландыратын құжатын ұсынған кезде қол қойғыза отырып берiледi.

### **3. Жұмыс қағидаттары**

17. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалы тұтынушыға қатысты басшылыққа алатын жұмыс қағидаттары:

1 ) ә д е п т i л i к ;

2) көрсетiлетiн мемлекеттiк қызмет туралы толық ақпарат;

3) мемлекеттiк қызметтiң уақтылы көрсетiлуi;

4) тұтынушының қарауға ұсынған құжаттарының сақталуы;

5) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың қорғалуы және қ ұ п и я л ы л ы ғ ы ;

6) тұтынушы құжаттарды алу үшін келмеген жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құжаттарды сақтау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мерзімде олардың сақталуы.

#### **4. Жұмыс нәтижелері**

18. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандарттың 4-қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалының жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

#### **5. Шағымдану тәртібі**

20. Іс-әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) шағымдану және шағымды дайындауға көмек көрсету тәртібін түсіндіруді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының жауапты орындаушысы осы Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша жүзеге асырады.

21. Егер тұтынушы қабылданған шараларға қанағаттанбайтын болса немесе мәселені жоғары тұрған сатының қарауы талап етілсе, онда тұтынушы шағымды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының атына не оның орнындағы тұлғаға жазбаша түрде жолдай алады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының не оның орнындағы тұлғаның атына берілетін мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі шағымдар 050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» шағын ауданы, 21-үй мекенжайы бойынша поштамен жіберіле немесе қолмен беріле отырып, жазбаша түрде қабылданады.

22. Тұтынушы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалы уәкілетті лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) байланыс деректері осы Стандарттың 5-қосымшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының басшысына шағым ж а с а й а л а д ы .

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағымдарды тіркеу, есепке алу және қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

Шағымды беру кезінде іс-әрекетіне шағым жасалатын субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың қызметі, аты-жөні, өтініш жасау себебі мен талаптары көрсетіледі.

Шағымды қарау нәтижелері туралы тұтынушыға жазбаша түрде хабарланады.

Қолмен қабылданған шағым жеке тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында немесе заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі.

25. Өтініштің қабылданған күні мен уақыты, қабылдаған қызметкердің аты-жөні көрсетілген талон шағымның қолмен қабылданғанын растайтын құжат болып табылады.

26. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауы осы Стандарттың 5-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті аумақтық филиалында тұтынушылар үшін қолжетімді орында орналастырылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауы мына мекенжайда: 050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» ықшам ауданы, 21-үйдегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының үйінде тұтынушылар үшін қолжетімді орында орналастырылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылады ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)).

«Айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беру» мемлекеттiк қызмет стандартына 1-ҚОСЫМША

### Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалдарының мемлекеттік қызмет көрсететін бөлімшелерінің мекенжайлары және байланыс деректері

р/с №	Аумақтық филиалдың атауы	Заңды мекенжайы	Кабинет нөмірі	Коды, телефоны

1	2	3	4	5
1.	Орталық филиал	010000, Астана қаласы, Бейбітшілік к-сі, 21		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		212	8 (7172) 703358, 703368
2.	Ақмола филиалы	020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әуезов к-сі, 214		
	Жиынтық-экономикалық бөлім		10	8 (7162) 250211, 251618
3.	Ақтөбе филиалы	030006, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Асау-Барақ к-сі, 45		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		14	8 (7132) 210215
4.	Алматы қалалық филиалы	050000, Алматы қаласы, Панфилов к-сі, 98		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		311	8 (727) 2443650
5.	Алматы облыстық филиалы	040008, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Төлебаев к-сі, 58/64		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		3-қабат	8 (7282) 245791
6.	Атырау филиалы	060002, Атырау облысы, Атырау қаласы, Уәлиханов к-сі, 2		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		309	8 (7122) 328567
7.	Шығыс Қазақстан филиалы	070019, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан к-сі, 3		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		607	8 (7232) 253968
8.	Жамбыл филиалы	080000, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қазыбек би к-сі, 137		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		225	8 (7262) 459980
9.	Батыс Қазақстан филиалы	090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж. Досмұхамедов к-сі, 16		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		3 этаж	8 (7112) 509768
10.	Қарағанды филиалы	100000, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Бұқар Жырауд-лы, 19		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		1	8 (7212) 419452
11.	Қостанай филиалы	110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Баймағамбетов к-сі, 195		



	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		305	8 (7142) 546234
12.	Қызылорда филиалы	120019, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жақаев к-сі, 20		
	Жиынтық-экономикалық бөлім		208	8 (7242) 277853
13.	Маңғыстау филиалы	130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 23-ықшам аудан		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		304	8 (7292) 427894
14.	Павлодар филиалы	140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ак. Сәтбаев к-сі, 44		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		317	8 (7182) 326612
15.	Солтүстік Қазақстан филиалы	150000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 6		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		304	8 (7152) 460361
16.	Оңтүстік Қазақстан филиалы	160012, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Төрешұлы к-сі, 2		
	Валюталық операцияларды бақылау бөлімі		310	8 (7252) 212069

«Айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беру» мемлекеттiк қызмет стандартына  
2-ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалдарының келіп түсетін хат-хабарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асыратын бөлімшелерінің мекенжайлары және байланыс деректері**

р/с №	Аумақтық филиалдың атауы	Заңды мекенжайы	Кабинет нөмірі	Коды, телефоны
	2	3	4	5
1.	Орталық филиал	010000, Астана қаласы, Бейбітшілік к-сі, 21		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		103	8 (7172) 703325
2.	Ақмола филиалы	020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әуезов к-сі, 214		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		32	8 (7162) 250710
3.	Ақтөбе филиалы	030006, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Асау-Барак к-сі, 45		

	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		14	8 (7132) 210753
4.	Алматы қалалық филиалы	050000, Алматы қаласы, Панфилов к-сі, 98		8 (727) 2443620
5.	Алматы облыстық филиалы	040008, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Төлебаев к-сі, 58/64		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		3-қабат	8 (7282) 244671
6.	Атырау филиалы	060002, Атырау облысы, Атырау қаласы, Уәлиханов к-сі, 2		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		101	8 (7122) 322036
7.	Шығыс Қазақстан филиалы	070019, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан к-сі, 3		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		303	8 (7232) 254717
8.	Жамбыл филиалы	080000, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қазыбек би к-сі, 137		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		221	8 (7262) 450970
9.	Батыс Қазақстан филиалы	090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж. Досмұхамедов к-сі, 16		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		101	8 (7112) 500515
10.	Қарағанды филиалы	100000, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Бұқар Жырау д-лы, 19		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		1	8 (7212) 419181
11.	Қостанай филиалы	110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Баймағамбетов к-сі, 195		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		306	8 (7142) 546483
12.	Қызылорда филиалы	120019, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жақаев к-сі, 20		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		102	8 (7242) 261365
13.	Маңғыстау филиалы	130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 23-ықшам аудан		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		309, 310	8 (7292) 428232
14.	Павлодар филиалы	140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ак. Сәтбаев к-сі, 44		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		313	8 (7182) 320281
15.	Солтүстік Қазақстан филиалы	150000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 6		

	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		214	8 (7152) 462966
16.	Оңтүстік Қазақстан филиалы	160012, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Төреқұлов к-сі, 2		
	Әкімшілік-шаруашылық бөлім		320	8 (7252) 212081

«Айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беру» мемлекеттiк қызмет стандартына  
3-ҚОСЫМША

### Құжаттардың алынғаны туралы талон

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалы бөлімшесінің атауы

1. Айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгi немесе айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беруден бас тарту себептерi жазылған қағаз тасымалдауыштағы дәлелдi жазбаша жауап

(Мемлекеттік қызметтің атауы)

2. \_\_\_\_\_

Қабылданған құжаттардың парақ саны

3. \_\_\_\_\_

Құжаттардың қабылданған күні

4. \_\_\_\_\_

Құжат (айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгi немесе айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беруден бас тарту себептерi жазылған қағаз тасымалдауыштағы дәлелдi жазбаша жауап) берілген күн

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының құжаттарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті жауапты тұлғасының қолы

Тұтынушының қолы

«Айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн беру» мемлекеттiк қызмет стандартына  
4-ҚОСЫМША

### Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері

--	--	--	--

Сапа және тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің _____ жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің _____ жылдағы ағымдағы мәні
<b>1. Уақтылығы</b>			
1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде мемлекеттік қызметті көрсету жағдайларының пайызы (үлесі)	100%		
<b>2. Сапасы</b>			
2.1. Мемлекеттік қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	90%		
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. Мемлекеттік қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	90%		
3.3. Электронды форматта қолжетімді болатын қызметтердің пайызы (үлесі)	50%		
<b>4. Шағымдану үдерісі</b>			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	90%		
<b>5. Әдептілік</b>			
5.1. Қызметкерлердің әдептілігіне қанағаттанған тұтынушылардың пайызы (үлесі)	90%		

«Айырбастау пунктінің тіркеу  
куәлігін беру» мемлекеттік  
қызмет стандартына  
5-ҚОСЫМША

### Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары басшыларының байланыс деректері

Р/с №	Филиалдың атауы	Филиалдың мекенжайы	Коды, телефоны

1.	Орталық филиал	010000, Астана қаласы, Бейбітшілік к-сі, 21	8 (7172) қабылдау бөлмесі	703313
2.	Ақмола филиалы	020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әуезов к-сі, 214	8 (7162) қабылдау бөлмесі	256973
3.	Ақтөбе филиалы	030006, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Асау-Барақ к-сі, 45	8 (7132) қабылдау бөлмесі	210751
4.	Алматы қалалық филиалы	050000, Алматы қаласы, Панфилов к-сі, 98	8 (727) қабылдау бөлмесі	2443620
5.	Алматы облыстық филиалы	040008, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Төлебаев к-сі, 58/64	8 (7282) қабылдау бөлмесі	271025
6.	Атырау филиалы	060002, Атырау облысы, Атырау қаласы, Уәлиханов к-сі, 2	8 (7122) қабылдау бөлмесі	322310
7.	Шығыс Қазақстан филиалы	070019, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан к-сі, 3	8 (7232) қабылдау бөлмесі	254321
8.	Жамбыл филиалы	080000, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қазыбек би к-сі, 137	8 (7262) қабылдау бөлмесі	454511
9.	Батыс Қазақстан филиалы	090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж. Досмұхамедов к-сі, 16	8 (7112) қабылдау бөлмесі	504438
10.	Қарағанды филиалы	100000, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Бұқар Жырау д-лы, 19	8 (7212) қабылдау бөлмесі	419186
11.	Қостанай филиалы	110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Баймағамбетов к-сі, 195	8 (7142) қабылдау бөлмесі	544424
12.	Қызылорда филиалы	120019, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жақаев к-сі, 20	8 (7242) қабылдау бөлмесі	261421
13.	Маңғыстау филиалы	130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 23-ықшам аудан	8 (7292) қабылдау бөлмесі	436258
14.	Павлодар филиалы	140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ак. Сәтбаев к-сі, 44	8 (7182) қабылдау бөлмесі	322076
15.	Солтүстік Қазақстан филиалы	150000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 6	8 (7152) қабылдау бөлмесі	465034
16.	Оңтүстік Қазақстан филиалы	160012, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Төреқұлов к-сі, 2	8 (7252) қабылдау бөлмесі	534811

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2010

ж ы л ғ ы

24

а қ п а н д а ғ ы

№

928

Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

**«Валюталық операция туралы хабарлама куәлік беру»  
мемлекеттік қызмет стандарты**

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2011.03.04 № 1168 ( алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Валюталық операция туралы хабарлама куәлік беру жөніндегі мемлекеттік қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты және аумақтық филиалдары көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік қызмет көрсететін орталық аппараты бөлімшелерінің және аумақтық филиалдарының мекенжайлары мен байланыс деректері осы Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 129 қаулысы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет туралы ақпарат және осы Стандарттың мәтіні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратында және аумақтық филиалдарында тұтынушылар үшін қолжетімді орында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) орналастырылған.

5. Валюталық операция туралы қағаз тасымалдауыштағы хабарлама куәлік көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының резиденттері - заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) олар валюталық операцияны жасаған кезде көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: тұтынушы валюталық шарт туралы ақпарат ұсынған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде;

2) банктер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына электронды түрде хабарлайды.

Заңды (банктерден басқа) және жеке тұлғалар валюталық операция туралы толтырылған хабарламаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының хат-хабар қабылдауға және тіркеуге уәкілетті бөлімшесіне/жауапты тұлғасына кезек күтпестен тапсырады (немесе хат-хабар қабылдауға арналған арнайы жабдықталған жәшікке салады);

3) валюталық операция туралы хабарлама куәлікті тұтынушыға не оның сенім білдірілген тұлғасына (сенімхат негізінде) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының және/немесе аумақтық филиалының жауапты орындаушысы кезек күтпестен береді.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Құжаттарды қабылдау және беру, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс күндері сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін күн сайын жүзеге асырылады.

Құжаттарды қабылдау және беру кезек күтпестен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының және аумақтық филиалдарының үйлерінде көрсетіледі. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының және аумақтық филиалдарының үйлері мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қол жетімді болуы үшін пандустары бар кіру есіктерімен жабдықталған.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

11. Тұтынушы валюталық операция туралы хабарлама куәлікті алу үшін осы Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша валюталық операция туралы толтырылған хабарламаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұ с ы н а д ы .

12. Валюталық операция туралы хабарламаның нысанын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсынан ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) және /немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшесінің және/немесе аумақтық филиалының жауапты орындаушысынан осы Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша алуға б о л а д ы .

13. Банктер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына берілетін деректердің құпиялылығы мен түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныш құралдарымен бірге ақпаратты кепілдікпен жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалана отырып электронды түрде хабарлайды .

Заңды (банктерден басқа) және жеке тұлғалар валюталық операция туралы толтырылған хабарламаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті бөлімшесіне/жауапты тұлғасына осы Стандарттың 3-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша тапсырады (немесе хат-хабар қабылдауға арналған арнайы жабдықталған жәшікке салады).

Хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті бөлімше/жауапты тұлға сағат 09.00-ден бастап сағат 18.00 аралығындағы кезеңде әрбір екі сағат сайын арнайы жабдықталған жәшіктен құжаттарды алады. Алынғаннан кейін құжаттарды хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті бөлімше/жауапты

тұлға тіркейді және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының басшылығына бұдан әрі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының жауапты бөлімшесі қарауы үшін жібереді.

14. Банктердің валюталық операция туралы электронды түрде келіп түскен хабарламаларын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «Статистика» автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесі (бұдан әрі - «Статистика» А А Ш Ж ) қ а б ы л д а й д ы .

Хабарламада қателер болмаған жағдайда қабылдау туралы электронды хабарлама қалыптастырылып, банкке жіберіледі.

Хабарламада қате болған жағдайда қате туралы банкке электронды хабарлама қалыптастырылады және «Статистика» ААШЖ-не хабарлама қабылданбайды. Банк хабарламаға түзетулер енгізіп, қайтадан жіберуі тиіс.

«Статистика» ААШЖ-не хабарлама қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпарат технологиясы үшін жауапты бөлімшесі осы Стандарттың 4-қосымшасында көрсетілген мекенжай бойынша түсіндіреді.

Құжаттар пакетін қолма-қол тапсырған жағдайда тұтынушының (банктерден басқа) қолына осы Стандарттың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттардың алынғаны туралы талон беріледі.

Талонды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының хат-хабар қабылдауға және тіркеуге уәкілетті бөлімшесі/жауапты тұлғасы осы Стандарттың 3-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша жазады.

Тұтынушы құжаттарды поштамен жіберген немесе хат-хабар қабылдауға арналған арнайы жабдықталған жәшік арқылы тапсырған жағдайда құжаттардың алынғаны туралы талон берілмейді.

15. Валюталық операция туралы хабарлама куәлікті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының және/немесе аумақтық филиалының жауапты орындаушысы тұтынушыға не оның сенім білдірілген тұлғасына (сенімхат негізінде) жеке басын куәландыратын құжаттың ұсынған кезде валюталық операция туралы хабарлама куәліктерді беруді есепке алу журналына қ о л қ о й ғ ы з а о т ы р ы п б е р е д і .

Хабарлама туралы куәліктің тұтынушының келмеуі себебінен 7 (жеті) жұмыс күнінен асатын мерзімде берілуі мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу б о л ы п т а б ы л м а й д ы .

16. Валюталық операцияларды жасау жағдайларын нақтылау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тұтынушыдан валюталық операцияларды жүзеге асыруға негіз болатын валюталық шартты талап етуге құқылы. Валюталық операция туралы хабарламаны растау тұтынушы талап етілетін құжаттарды ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.



### 3. Жұмыс қағидаттары

17. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бөлімшелерінің тұтынушыға қатысты басшылыққа алатын жұмыс қағидаттары:

- 1) ә д е п т і л і к ;
- 2) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат;
- 3) мемлекеттік қызметтің уақтылы көрсетілуі;
- 4) тұтынушының қарауға ұсынған құжаттарының сақталуы;
- 5) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың қорғалуы және қ ұ п и я л ы л ы ғ ы ;

6) тұтынушы құжаттарды алу үшін келмеген жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құжаттарды сақтау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мерзімде олардың сақталуы.

### 4. Жұмыс нәтижелері

18. Тұтынушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы Стандарттың 6-қосымшасына сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен ө л ш е н е д і .

19. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

### 5. Шағымдану тәртібі

20. Іс-әрекеттерге (әрекетсіздіктерге) шағымдану және шағымды дайындауға көмек көрсету тәртібін түсіндіруді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға жауапты бөлімшесі осы Стандарттың 7-қосымшасында көрсетілген мекенжай бойынша, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының жауапты орындаушысы осы Стандарттың 3-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша жүзеге а с ы р а д ы .

21. Егер тұтынушы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының басшысы қабылдаған шараларға қанағаттанбайтын болса немесе мәселені жоғары тұрған сатының қарауы талап етілсе, тұтынушы шағымды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының атына не оның орнындағы тұлғаға жазбаша түрде жолдай алады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының не оның орнындағы тұлғаның атына берілетін мемлекеттік қызметті көрсету жөніндегі шағымдар 050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» шағын ауданы, 21-үй мекенжайы бойынша поштамен жіберіле немесе қолмен беріле отырып, жазбаша түрде қабылданады.

22. Тұтынушы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының немесе аумақтық филиалының уәкілетті лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасына не оның орнындағы тұлғаға, немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының басшысына осы Стандарттың 8-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша шарт жасай алады.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

24. Шағымдарды тіркеу, есепке алу және қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

Шағымды беру кезінде іс-әрекетіне шағым жасалатын субъектінің атауы немесе лауазымды тұлғалардың қызметі, аты-жөні, өтініш жасау себебі мен талаптары көрсетіледі.

Шағымдарды қарау нәтижелері туралы тұтынушыға жазбаша түрде хабарланады.

Қолмен қабылданған шағым жеке тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында немесе заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналында тіркеледі.

25. Өтініштің қабылданған күні мен уақыты, қабылдаған қызметкердің аты-жөні көрсетілген талон шағымның қолмен қабылданғанын растайтын құжат болып табылады.

26. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауы осы Стандарттың 8-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тиісті аумақтық филиалында тұтынушылар үшін қолжетімді орында орналастырылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауы мына мекенжайда: 050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» ықшам ауданы, 21-үйдегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының үйінде тұтынушылар үшін қолжетімді орында орналастырылатын Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсында орналастырылады ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)).

«Валюталық операция туралы хабарлама куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандартына  
1-ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік қызмет көрсететін орталық аппараты бөлімшелерінің және аумақтық филиалдарының мекенжайлары және байланыс деректері**

р/с №	Орталық аппарат бөлімшесінің және аумақтық филиалдың атауы	Заңды мекенжайы	Кабинет нөмірі	Коды, телефоны
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты	050040, Алматы қаласы, «Көктем-3» ықшам ауданы, 21		
	Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті			8 (727) 2596818 қабылдау бөлмесі
	Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің халықаралық инвестициялар басқармасы			8 (727) 2704640
2.	Орталық филиал	010000, Астана қаласы, Бейбітшілік к-сі, 21		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		215	8 (7172) 703364
3.	Ақмола филиалы	020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Әуезов к-сі, 214		
	Жиынтық-экономикалық бөлім		8	8 (7162) 250211, 251618
4.	Ақтөбе филиалы	030006, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Асау-Барақ к-сі, 45		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		3	8 (7132) 210726
5.	Алматы қалалық филиалы	050000, Алматы қаласы, Панфилов к-сі, 98		
	Төлем балансының статистикасы бөлімі		304	8 (727) 2443640

6.	Алматы облыстық филиалы	040008, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Төлебаев к-сі, 58/64		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		3-қабат	8 (7282) 272144
7.	Атырау филиалы	060002, Атырау облысы, Атырау қаласы, Уәлиханов көшесі, 2		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		307	8 (7122) 328525
8.	Шығыс Қазақстан филиалы	070019, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан к-сі, 3		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		605	8 (7232) 254694
9.	Жамбыл филиалы	080000, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қазыбек би к-сі, 137		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		203	8 (7262) 457868
10.	Батыс Қазақстан филиалы	090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ж. Досмұхамедов к-сі, 16		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		3-қабат	8 (7112) 506107
11.	Қарағанды филиалы	100000, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Бұқар Жырау д-лы, 19		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		34	8 (7212) 419184, 419180
12.	Қостанай филиалы	110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Баймағамбетов к-сі, 195		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		303	8 (7142) 543368
13.	Қызылорда филиалы	120019, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жақаев к-сі, 20		
	Жиынтық-экономикалық бөлім		208	8 (7242) 277853
14.	Маңғыстау филиалы	130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 23-ықшам аудан		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		311	8 (7292) 430538
15.	Павлодар филиалы	140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ак. Сәтбаев к-сі, 44		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		319	8 (7182) 325648

16.	Солтүстік Қазақстан филиалы	150000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы к-сі, 6		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		302	8 (7152) 465668
17.	Оңтүстік Қазақстан филиалы	160012, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Төрекұлов к-сі, 2		
	Экономикалық талдау және статистика бөлімі		313	8 (7252) 212074

«В а л ю т а л ы қ                    о п е р а ц и я                    т у р а л ы  
х а б а р л а м а                    к у ә л і к                    б е р у »                    м е м л е к е т т і к  
қ ы з м е т                    с т а н д а р т ы н а  
2-ҚОСЫМША

**Тіркеу куәлігін алуға арналған өтініш/  
Валюталық операция туралы хабарлама**

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның аты-жөні)  
КҰЖЖ коды \_\_\_\_\_ СТН \_\_\_\_\_  
ЖСН \_\_\_\_\_ БСН \_\_\_\_\_  
(бар болса)                    (бар болса)  
1. Валюталық шарттың № \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (құжаттың атауы)

\_\_\_\_\_ (мақсаты мен мәні)  
2. Валюталық шартқа қосымша ретінде мынадай құжаттар ұсынылды  
(тіркеуге                    өтініш                    берген                    кезде                    толтырылады)

\_\_\_\_\_ (құжаттың атауы, нөмірі, ресімдеу күні)  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

3. Валюталық шартқа қатысушы резидент (резиденттер):  
Заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның аты-жөні)  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_

Қызмет көрсететін банк (банктер) \_\_\_\_\_

4. Валюталық шартқа қатысушы резидент емес (резидент еместер):

Заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғаның аты-жөні) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасы \_\_\_\_\_

Экономика секторы \_\_\_\_\_

Заңды тұлғаның тіркелген (жеке тұлғаның тұрғылықты тұратын) елі

Мекенжайы, банктік деректемелері \_\_\_\_\_

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы валюталық шарт бойынша бұрын берген лицензияларының нөмірлері \_\_\_\_\_

6. Ұлттық Банктің осы валюталық шарт бойынша бұрын берген тіркеу куәліктерінің нөмірлері \_\_\_\_\_

7. Ұлттық Банктің осы валюталық шарт бойынша бұрын берген хабарламалары туралы куәліктердің нөмірлері \_\_\_\_\_

8. Мынадай толтырылған бөлімдер ұсынылды (белгіленсін):

\_\_\_\_\_ 1-бөлім. Коммерциялық кредиттер және қаржы заемдары

\_\_\_\_\_ 2-бөлім. Жарғылық капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар

\_\_\_\_\_ 3-бөлім. Шетел банкінде шот ашу

\_\_\_\_\_ 4-бөлім. Капитал қозғалысының басқа да операциялары

Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы:

\_\_\_\_\_ (қызметі)

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Мөрдін орны

**1-бөлім. Коммерциялық кредиттер және қаржы заемдары**

1. Валюталық шарттың сомасы \_\_\_\_\_  
(санмен және валюталық шарттың валютасында жазумен)

2. Шарттың валютасы \_\_\_\_\_

3. Шектеулі келісім (бар болса) № \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

(құжаттың атауы)

4. Резиденттің резидент емеске қатынасы (белгіленсін):

\_\_\_\_\_ тікелей инвестор  
\_\_\_\_\_ тікелей инвестициялау объектісі  
\_\_\_\_\_ б а с қ а

5. Кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы (мүдде) ставкасы жылдық \_\_\_\_\_  
(өзгермелі пайыздық ставка болған жағдайда оны есептеу базасы \_\_\_\_\_ және маржа мөлшері көрсетілсін \_\_\_\_\_)

6. Негізгі борыш бойынша мерзімі өткен төлемдер үшін ставка:  
мерзімі өткен әрбір күнге \_\_\_\_\_  
өзге (талдама жасалсын) \_\_\_\_\_

7. Ілеспе төлемдер (ұйымдастырғаны үшін, басқарғаны үшін комиссия, міндеттемелер үшін комиссия және басқалары) \_\_\_\_\_

(салыстырмалы көлемде көрсетілсін (кредит сомасының, негізгі борыштың және т.б. пайызы)

8. Операцияның қысқаша сипаттамасы (ақы төлеу бойынша нұсқау, қаражат қозғалысының кестесі және басқасы) \_\_\_\_\_

8-1. Агент (оператор, ұйымдастырушы) туралы мәліметтер (бар болса):

Резидент \_\_\_\_\_ Резидент емес \_\_\_\_\_ (белгіленсін)

Заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ телефоны \_\_\_\_\_

КҰЖЖ коды \_\_\_\_\_ СТН/ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Резидент емес туралы ақпарат: тіркелген елі \_\_\_\_\_

8-2. Ерекше талаптардың болуы (белгіленсін):

\_\_\_\_\_ заемшының мерзімді ұзарту құқығы

\_\_\_\_\_ заемшының жедел өтеу құқығы

\_\_\_\_\_ кредитордың берешекті мерзімнен бұрын өтеуді талап ету құқығы

\_\_\_\_\_ өзге (талдама жасалсын)

9. Осы валюталық шарт шеңберінде қаржыландыратын келісім-шарттар туралы мәліметтер (банктер және өзге де қаржы институттары егер бар болса өз операциялары туралы хабарлау кезінде толтырады):

9.1. Аппликант (банктің қаржыландыруды сұрататын немесе өзге де қаржы институтының клиенті) туралы мәліметтер:

Резидент \_\_\_\_\_ Резидент емес \_\_\_\_\_ (белгіленсін)

Заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты-жөні) \_\_\_\_\_

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_

КҰЖЖ коды \_\_\_\_\_ СТН/ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген (жеке тұлғаның тұрғылықты) елі \_\_\_\_\_

9.2. Қаржыландырылатын келісімшарттар туралы мәліметтер:

Келісімшарттың нөмірі \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

Келісімшарттың мақсаты және мәні \_\_\_\_\_

Келісімшарттың сомасы \_\_\_\_\_ валюта \_\_\_\_\_

(валютаның мың бірлігі)

Экспорттық-импорттық валюталық бақылауға алынатын мәмілелер үшін мәміле паспортының нөмірі \_\_\_\_\_

9.3. Бенефициар (келісім-шартқа қатысушы) туралы мәліметтер:

Резидент \_\_\_\_\_ Резидент емес \_\_\_\_\_ (белгіленсін)

Заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты-жөні) \_\_\_\_\_

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ телефон \_\_\_\_\_

КҰЖЖ коды \_\_\_\_\_ СТН/ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген (жеке тұлғаның тұрғылықты) елі \_\_\_\_\_

9.4. Кредитордың банкті немесе өзге де қаржы институтын қаржыландыру нысаны (белгіленсін):

\_\_\_ қаражаттың банктің немесе өзге де қаржы институтының шотына түсуі,

\_\_\_ кредитордың бенефициарға ақы төлеуі,

\_\_\_ басқа (талдама жасалсын) \_\_\_\_\_

10. Қаражаттың түсу және берешекті өтеу кестесі шарт валютасының мың бірлігі \_\_\_\_\_



Заем алушыға кредит бойынша қаражаттың түсуі		Заем алушы кредитке қызмет көрсетуі бойынша төлемдер		
күні	сомасы	күні	негізгі борышты өтеу	сыйақы төлеу
А	1	Б	2	3
ЖИЫНТЫҒЫ		ЖИЫНТЫҒЫ		
олардың ішінде өтініш беру күніне		олардың ішінде өтініш беру күніне		

11. Ескерту \_\_\_\_\_

## 2-бөлім. Жарғылық капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар

1. Операция түрі (белгіленсін):

- 1) \_\_\_ шетелге тікелей инвестициялар,
- 2) \_\_\_ Қазақстан Республикасына тікелей инвестициялар,
- 3) \_\_\_ резиденттердің резидент емес эмитенттердің акцияларын (тікелей инвестицияларды қоспағанда) сатып алуы,
- 4) \_\_\_ резидент еместердің резидент эмитенттердің акцияларын (тікелей инвестицияларды қоспағанда) сатып алуы,
- 5) \_\_\_ резиденттердің резидент емес эмитенттердің басқа да бағалы қағаздарын және резидент еместердің инвестициялық қорларының пайларын с а т ы п а л у ы ,
- 6) \_\_\_ резидент еместердің резидент эмитенттердің басқа да бағалы қағаздарын және резиденттердің инвестициялық қорларының пайларын сатып а л у ы ,
- 7) \_\_\_ резиденттердің резидент еместердің жарғылық капиталында қатысуды қамтамасыз ету мақсатында салым енгізуі (тікелей инвестицияларды қоспағанда) ,
- 8) \_\_\_ резидент еместердің резиденттердің жарғылық капиталында қатысуды қамтамасыз ету мақсатында салым енгізуі (тікелей инвестицияларды қоспағанда) ,
- 9) \_\_\_ резидент емес эмитенттердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарған бағалы қағаздарын орналастыруы,
- 10) \_\_\_ резидент эмитенттердің басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және солардың аумағында шығарған бағалы қағаздарын орналастыруы,
- 11) \_\_\_ Қазақстандық депозитарлық қолхаттарды шығару,
- 12) \_\_\_ резидент эмитенттердің бағалы қағаздарына депозитарлық қолхаттар

Ш ы ғ а р у ,

13) \_\_\_\_ туынды қаржы құралдарымен операциялар.

2. Инвестор туралы мәліметтер (егер өтініш беруші инвестор болып табылса, то л т ы р ы л м а й д ы ) :

Резидент \_\_\_\_\_ Резидент емес \_\_\_\_\_ (белгіленсін)

Заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты-жөні) \_\_\_\_\_

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ телефон

КҰЖЖ коды \_\_\_\_\_ СТН/ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген (жеке тұлғаның тұрғылықты) елі \_\_\_\_\_

Резидент еместің экономика секторы \_\_\_\_\_

3. Сатушы туралы мәліметтер (өтініш беруші сатушы болып табылса, то л т ы р ы л м а й д ы ) :

Резидент \_\_\_\_\_ Резидент емес \_\_\_\_\_ (белгіленсін)

Заңды тұлғаның атауы \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты-жөні) \_\_\_\_\_

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ телефоны

КҰЖЖ коды \_\_\_\_\_ СТН/ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген (жеке тұлғаның тұрғылықты) елі \_\_\_\_\_

Резидент еместің экономика секторы \_\_\_\_\_

4. Валюталық шарт туралы мәліметтер:

Валюталық шарттың сомасы \_\_\_\_\_

(санмен және валюталық шарттың валютасында жазумен)

Валюталық шарттың валютасы \_\_\_\_\_

Мерзімі өткен төлемдер үшін ставка \_\_\_\_\_ мерзімі өткен ә р б і р к ү н ү ш і н

Ілеспе төлемдер (ұйымдастырғаны үшін, басқарғаны үшін комиссия, міндеттемелер және басқа үшін комиссия) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(талдама жасалсын)

Өтініш берілген күні валюталық шарт бойынша ұсынылған қаражат:

--	--	--	--

Жіберуші	Бенефициар	Күні	Валюталық шарт валютасының сомасы, мың бірлігі

Операцияның қысқаша сипаттамасы (ақы төлеу бойынша нұсқау, қаражат қозғалысының кестесі және басқа)

5. Инвестициялау объектісі туралы мәліметтер (егер өтініш беруші инвестициялау объектісі болып табылса, толтырылмайды):

Резидент \_\_\_\_\_ Резидент емес \_\_\_\_\_ (белгіленсін)  
Атауы \_\_\_\_\_

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы (облыс, қала) \_\_\_\_\_  
КҰЖЖ коды \_\_\_\_\_ СТН/ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Резидент емес туралы ақпарат: тіркелген елі \_\_\_\_\_

Резидент еместің экономика секторы \_\_\_\_\_

6. Инвестициялау объектісінің капиталы (дауыс беруші акциялармен немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерімен операцияларды жүзеге асырған жағдайда толтырылады):

		Валюталық шарт бойынша операция жүргізгенге дейін		Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгеннен кейін	
		сомасы	валютасы	сомасы	валютасы
1.	Құрылтай құжаттары бойынша құндық тұрғыдағы жарғылық капитал, құрылтай құжаттары бойынша валютаның мың бірлігі				
2.	Қаржылық есептілікке сәйкес жарғылық капитал, қаржылық есептілік валютасының мың бірлігі				
3.	Инвестициялау объектісінің капиталы, инвестор (инвесторлар) құндық тұрғыда енгізген пайлар, валютаның мың бірлігі				
4.	оның ішінде инвесторлар бойынша				
5.	Инвестордың (инвесторлардың) инвестициялау объектісі капиталындағы үлесі, қатысушылардың % дауыстары немесе % дауыс беруші акциялар				
6.	оның ішінде инвесторлар бойынша				

--	--	--	--

7. Инвестициялау объектісінің акциялары туралы ақпарат (дауыс беруші акциялармен операцияларды жүзеге асырған жағдайда толтырылады):

		Валюталық шарт бойынша операция жүргізгенге дейін		Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгеннен кейін	
		жай	артықшылықты	жай	артықшылықты
1.	Жарияланған акцияның саны, дана				
2.	Төленген акцияның саны, дана				
3.	оның ішінде дауыс беруші				
